

АСТАНА Қ. ӘКІМДІГІНІҢ «ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК



**Педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру
бағдарламасы
«Көркем еңбек мұғалімдерінің кәсіби құзыреттерін жетілдіру:
заманауи әдістер, технологиялар және шығармашылық тәсілдер»**

*(мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, арнайы және инклюзивті,
қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған)*

ӘЗІРЛЕУШІ:

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК

Астана, 2025 ж.

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	3
2. Глоссарий	5
3. Бағдарлама тақырыбы	6
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері	9
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны	10
6. Оқу процесін ұйымдастыру	11
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	12
8. Оқу нәтижелерін бағалау	13
9. Курстан кейінгі қолдау	14
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	15

1-бөлім. Жалпы ережелер

Мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «Көркем еңбек мұғалімдерінің кәсіби құзыреттерін жетілдіру: заманауи әдістер, технологиялар және шығармашылық тәсілдер» біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) білім беру ұйымдары педагогтерінің (бұдан әрі - Тыңдаушылар) біліктілігін арттыру бойынша оқыту процесін реттейді.

«Көркем еңбек мұғалімдерінің кәсіби құзыреттерін жетілдіру: заманауи әдістер, технологиялар және шығармашылық тәсілдер» курсының өзектілігі қазіргі білім беру жүйесінің өзгермелі қажеттіліктері мен талаптарына бейімделу арқылы көркем еңбек пәнінің маңыздылығын арттыру және оның сапасын жаңа деңгейге көтеру қажеттілігімен анықталады. Көркем еңбек пәні тек оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ғана емес, сонымен бірге олардың эстетикалық талғамын қалыптастыруға, сыни ойлауын жетілдіруге және практикалық өмірге қажетті дағдыларды меңгеруге бағытталған.

Заманауи қоғамда креативтілік пен инновациялық ойлау қабілеті жоғары бағаланады. Осыған сәйкес, көркем еңбек пәні оқушыларды тек өнерге үйрету ғана емес, олардың шығармашылық әлеуетін ашып, өмірлік дағдыларды қалыптастыратын маңызды құрал болып табылады. Бұл міндетті орындауда мұғалімнің кәсіби құзыреті басты рөл атқарады. Мұғалім пәнді тиімді оқытумен қатар, жаңа әдістерді, технологияларды және шығармашылық тәсілдерді меңгеру арқылы білім беру сапасын арттыра алады.

Білім беру жүйесіндегі өзгерістер мұғалімдерден жаңа әдістемелер мен тәсілдерді меңгеруді талап етеді. Бұл курс көркем еңбек пәнінің мазмұнын жаңғыртуға, сәндік-қолданбалы өнер, цифрлық дизайн, 3D модельдеу сияқты заманауи элементтерді енгізуге бағытталған. Бүгінгі күні білім беру процесінде цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын қолдану маңызды болып отыр. Мұғалімдерге Tinkercad, SketchUp, Seamly2D, Blender сияқты заманауи құралдарды пайдалану дағдыларын үйрету – курстың маңызды міндеттерінің бірі. Мұғалімдердің кәсіби құзыретін арттыру – білім беру сапасын жақсартудың кепілі. Курс мазмұнында пәнге тән арнайы дағдылармен қатар, жалпы педагогикалық және әдістемелік құзыреттерді дамытуға ерекше назар аударылған.

Жалпы мемлекеттік басымдықтар. Бұл Бағдарлама «Педагог» кәсіби стандартына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығы) және 2023 жылғы Ұлттық баяндамада ұсынылған «Әрбір адамға қолжетімді сапалы білім» тұжырымдарына сүйене отырып әзірленген. Аталған құжаттар педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамыту, білім беру процесін жаңғырту және оқушылардың білім сапасын арттырудың маңыздылығын ерекше атап көрсетеді.

Сонымен қатар, бағдарлама Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына (2020 жылғы өзгерістер мен толықтыруларымен) сәйкес келеді. Бұл заң білім беру жүйесінің сапасын арттыруды, оның ішінде оқытудағы инновациялық тәсілдерді қолдануды және педагогтардың құзыреттерін жетілдіруді басымдық

ретінде қарастырады.

Қазақстан Республикасының «Жасанды интеллектті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» жасанды интеллектті қоғамда кеңінен енгізу және осы бағытта оқыту мен хабардар болуды арттыру негізгі басымдықтардың бірі ретінде көрсетілген. Осыған байланысты бағдарлама мұғалімдерге жасанды интеллект құралдарын, 3D модельдеу, цифрлық дизайн және басқа да заманауи технологияларды меңгеру мүмкіндігін ұсынады.

Бағдарлама Қазақстандағы инклюзивті білім беру саясатының мақсаттарын қолдайды. Ол ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды оқытуда мұғалімдердің инклюзивті педагогика тәсілдерін қолдану құзыретін арттыруға бағытталған. Бұл тәсіл барлық оқушылардың тең құқылы білім алуына мүмкіндік береді және олардың жеке қажеттіліктеріне бейімделуді қамтамасыз етеді.

Әлемдік трендтер. «Көркем еңбек мұғалімдерінің кәсіби құзыреттерін жетілдіру» курсы аясында цифрлық өнер ерекше орын алады. Бұл бағыт білім беру саласындағы заманауи трендтерге негізделіп, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытумен қатар, олардың цифрлық сауаттылығын арттыруға және жаңа технологияларға бейімделуіне ықпал етеді.

Цифрлық өнер дәстүрлі көркем еңбек пәнінің шекарасын кеңейтіп, оқушыларға өз идеяларын заманауи құралдар арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл курс мұғалімдерге цифрлық құралдар мен технологияларды меңгеру арқылы оқыту процесін жаңғыртуға және оны оқушылар үшін қызықты әрі тиімді етуге көмектеседі. Курс аясында мұғалімдер Adobe Photoshop, Blender, Tinkercad, SketchUp және Seamly2D сияқты бағдарламалармен жұмыс істеу дағдыларын меңгереді. Бұл құралдар оқушылардың 3D модельдеу, анимация және цифрлық дизайн саласындағы дағдыларын дамытуға көмектеседі (Zhaksylyk, 2024).

Курс цифрлық өнерді STEAM-білім берумен үйлестіруді қарастырады. Мұғалімдер ғылым, технология, инженерия, өнер және математика бағыттарын біріктіре отырып, оқушылардың шығармашылық және аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытуға үйренеді. Бұл тәсіл білім алушылардың пәнаралық байланыстарды түсінуіне және оларды практикада қолдануға мүмкіндік береді (Мынбаева, 2023).

Ойын элементтерін оқу процесіне енгізу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудың тиімді құралы болып табылады. Курс мұғалімдерге цифрлық өнер негізінде геймификация әдістерін қолдануды үйретеді, бұл оқыту үдерісін қызықты әрі мотивациялаушы етеді (Абишева, 2022).

«Көркем еңбек мұғалімдерінің кәсіби құзыреттерін жетілдіру» курсы жалпы мемлекеттік басымдықтарды, оның ішінде білім беру сапасын арттыру, цифрлық технологияларды енгізу және инклюзивті білім беруді дамытуды басшылыққа ала отырып әзірленген. Курстың мазмұны заманауи талаптарға сәйкес мұғалімдердің кәсіби құзыреттерін арттыруға, оқыту процесін жаңғыртуға және жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

2-бөлім. Глоссарий

Tinkercad – 3d-модельдеудің базалық дағдыларын меңгеруге арналған онлайн-платформа. Бұл платформа арқылы қарапайым 3d модельдерді жасауға және оларды визуализациялауға болады.

Sketchup for web / sketchup for schools – сәулет жобалау және визуализация бойынша қолайлы құралдар. Оқушылар мен мұғалімдерге арналған жеңілдетілген, қолжетімді интерфейспен 3d модельдеу үшін тиімді бағдарлама.

Seamly2d – үлгілер мен лекало жасауға арналған мамандандырылған бағдарлама. Бұл құрал киім дизайны мен конструкторлық жұмыстарда қолданылады.

Blender – 3d-модельдеу және анимация жасауға арналған кең функционалға ие қуатты редактор. Бұл бағдарламаны кино, ойын индустриясы және графикалық дизайнда жиі пайдаланады.

Сандық өнер (цифрлық өнер) – цифрлық құралдарды пайдалана отырып жасалатын бейнелеу өнерінің түрі. Бұл иллюстрациялар, графика, анимация және сандық құралдар арқылы жасалатын басқа да шығармашылық жұмыстарды қамтиды.

Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру процесіне қосу тәсілі.

Критериалды бағалау – оқушылардың оқу жетістіктерін алдын ала анықталған нақты және өлшенетін критерийлер негізінде бағалау жүйесі.

Педагогикалық дизайн – сабақтың мазмұнын, әдістерін және құралдарын оқушылардың қажеттіліктеріне қарай тиімді жоспарлау және ұйымдастыру.

Адаптивті оқыту – оқыту процесінде мазмұн мен оқу қарқыны оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімделетін тәсіл.

Блендед-оқыту (аралас оқыту) – дәстүрлі офлайн оқыту формаларын электронды оқыту элементтерімен ұштастыру.

Геймификация – оқу процесінде ойын элементтерін қолдану арқылы оқушылардың мотивациясы мен белсенділігін арттыру.

Жасанды интеллект (жи) – компьютерлік жүйелердің адамдарға тән ойлау қабілеттерін, мысалы, үйрену, шешім қабылдау, логикалық ойлау, еліктеуі.

Акт (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) – компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларды ақпаратты өңдеу, сақтау және тарату үшін қолдану.

Киберқауіпсіздік – компьютерлік жүйелердегі ақпаратты қорғау, жеке мәліметтердің құпиялылығын сақтау және кибершабуылдардан қорғану шаралары.

Шеберлік сыныптар – белгілі бір тақырып немесе кәсіби сала бойынша тәжірибесі мол маманның қатысушыларға нақты дағдыларды үйретуге, біліктілігін арттыруға арналған практикалық бағыттағы интерактивті сабақтар.

Этностиль – белгілі бір халықтың немесе этностың дәстүрлі мәдениетіне тән элементтерді заманауи сән, дизайн, интерьер немесе өнер туындыларына енгізу арқылы жасалған стиль. Этностиль ұлттық ерекшеліктерді сақтай отырып, дәстүрлі мен қазіргі заманғы бағыттарды үйлестіреді.

Композиция – өнер мен дизайнда элементтерді біртұтас және үйлесімді түрде орналастыру, көрерменнің назарын аудару және белгілі бір эмоция немесе әсер беру үшін қолданылатын құрал.

3-бөлім. Бағдарлама тақырыбы

Бағдарламаның жаңашылдық дәрежесі. «Көркем еңбек мұғалімдерінің кәсіби құзыреттерін жетілдіру: заманауи әдістер, технологиялар және шығармашылық тәсілдер» бағдарламасы – заманауи білім беру жүйесінің талаптарына сәйкес педагогтердің кәсіби құзыреттерін арттыруға бағытталған инновациялық жоба.

Бағдарламаның жаңашылдық дәрежесі оның мазмұны мен оқыту тәсілдерінде көрініс табады. Бағдарлама мұғалімдерді Tinkercad, SketchUp, Seamly2D және Blender сияқты заманауи құралдармен жұмыс істеуге үйретеді. Бұл бағдарламалар мұғалімдерге 3D модельдеу, цифрлық дизайн және анимация жасау саласындағы дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Оларды пайдалану арқылы мұғалімдер оқу процесін жаңашылдықпен толықтырып, STEM және дизайн элементтерін интеграциялауға жағдай жасайды.

Бағдарламаның негізгі ерекшеліктерінің бірі – заманауи технологиялар мен шығармашылық тәсілдерді біріктіру арқылы мұғалімдердің кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталуы. Бұл бағдарлама дәстүрлі оқыту әдістерін инновациялық құралдармен толықтырып, педагогикалық үдерісті жаңа деңгейге көтеруді көздейді.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында белгіленген өзекті міндеттерді ескере отырып әзірленді. Бұған білім беру сапасын арттыру, цифрлық технологияларды кеңінен қолдану, инклюзивті білім беруді дамыту және педагогтердің кәсіби құзыреттерін жетілдіру сияқты басымдықтарды айқындайды.

Бағдарлама аясында мектептер үшін киберқауіпсіздіктің негіздерін оқыту қарастырылған. Бұл бөлім мұғалімдер мен оқушыларға цифрлық ортада қауіпсіздік ережелерін түсінуге және ақпараттық қауіптерден қорғануға мүмкіндік береді. Сонымен қоса, бағдарлама аясында білім беруді зерттеуде этикалық қағидағтарды сақтауға ерекше назар аударылады, бұл педагогтердің өз жұмысына жауапкершілікпен қарауын қалыптастыруға және олардың қызметінің нәтижелеріне деген сенімін арттыруға ықпал етеді.

Білім беру жүйесінде аналогтардың бар/жоқтығын талдау. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен 2024 жылы келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізіміне (<https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/641574?lang=kk>) сәйкес білім алушылардың да, педагогтердің де зерттеу және жобалау дағдыларын дамытуға бағытталған бірнеше бағдарламалар бар:

1. «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостана өңірлік университеті» КеАҚ «Қазіргі заманғы көркем еңбек мұғалімі: кәсіби дайындық мәселелері» / «Современный учитель художественного труда: проблемы профессиональной подготовки» ұсынады.

Бағдарлама модульдері

Модуль	Қысқаша сипаттамасы	Сағат
Модуль 1. Нормативтік-құқықтық	Білім беру саласындағы заңдар, ережелер мен нормативтік құжаттарды талдау және қолдану тәсілдері.	10
Модуль 2. Психологиялық-педагогикалық	Оқытудың психологиялық және педагогикалық аспектілері, педагогикалық этика және инклюзивті білім беру.	12
Модуль 3. Мазмұндық	Көркем еңбек пәнінің мазмұнын, оқу жоспарларының ерекшеліктерін және практикалық тапсырмаларды әзірлеу.	30
Модуль 4. Цифрлық	Цифрлық технологияларды, ЖИ құралдарын және 3D модельдеу бағдарламаларын меңгеру және қолдану.	14
Модуль 5. Қорытынды бағалау	Финалдық зерттеу жобасының презентациясы, тестілеу	6
БАРЛЫҒЫ		72

4-бөлім. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты - педагогтердің инновациялық білім беру технологиялары мен әдістерін меңгеруіне, цифрлық құралдарды қолдану арқылы оқытудың сапасын арттыруға және оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етуді көздейді.

Бағдарламадан күтілетін нәтижелер

Осы курсты аяқтаған соң тыңдаушылар:

- 1) Қысқа мерзімді жоспарлар құрастыру, сабақтардың құрылымын жоспарлау және мазмұнын оқушылардың қажеттіліктеріне бейімдеуді үйренеді.
- 2) Сабақ барысында **интерактивті және ұжымдық оқыту әдістерін** тиімді қолдану арқылы оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік алады.
- 3) Оқушылардың жетістіктерін **бағалау** құралдарын әзірлеуді және оларды сабақ барысында қолдануды меңгереді.
- 4) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды оқытуда **инклюзивті әдістерді қолдану** тәжірибесін игереді.
- 5) Tinkercad, SketchUp, Blender, Seamly2D сияқты бағдарламалармен жұмыс істеу дағдыларын игеріп, оларды оқу процесінде қолдана алады.
- 6) Сабақ барысында оқушылардың **шығармашылық қабілеттерін дамытуға** бағытталған жобалық және практикалық тапсырмаларды құрастырады.
- 7) Білім беру процесінде **ЖИ құралдарын қолдану** арқылы оқыту үдерісін жаңғыртады және тиімділігін арттырады.
- 8) **Ақпараттық қауіпсіздік** бойынша білім алып, оны мектеп деңгейінде енгізуге дайын болады.

5-бөлім. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

№	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Оқуға ұсынылатын әдебиет	Тапсырма
1	Білім беру стандарты және педагогикалық этика	Білім беру саласындағы заңдар мен нормативтік құжаттарға шолу	2	ҚР Білім туралы заңы, «Педагог» кәсіби стандарты	Нормативтік құжаттарға талдау жасау
		Білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін негізгі заңнамалар	2	Ұлттық баяндама	Нормативтік актілерді талдап, қысқаша баяндау
		Орта білім беру педагогтерінің кәсіби стандарттарына негізделген талаптар	2	Педагогикалық этика туралы әдістемелік нұсқаулықтар	Кәсіби стандарт негізінде рефлексия жазу
		Педагогикалық этика және оқушылармен қарым-қатынас ерекшеліктері	1	Мұғалімнің этикасы бойынша нұсқаулықтар	Оқу процесінде этикалық мәселелерді шешу бойынша мысалдар беру
2	Инклюзивті білім беру	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін жаңартылған оқу бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар	3	Нормативтік құжаттар	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға КТЖ құру
		Көркем еңбек пәні инклюзивті білім берудің	2	Абдимоминова Д. К., Ахметкаримова Ш. К., Оңғарова	ҚМЖ құру

		ерекшеліктері		М. Н. Орта мектепте көркем еңбек пәні мысалында инклюзивті білім берудің ерекшеліктері	
		Инклюзивті білім берудің принциптері мен әдістері	2	Оспанбаева М. П. «Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі»	Инклюзивті сыныптарға арналған оқыту әдістерін әзірлеу
3	Заманауи әдіс-тәсілдер	Көркем еңбек пәнін оқытуда заманауи әдіс тәсілдер	2	Касенова К. Б., Кустубаева С. Т. «Көркем еңбек сабақтарын ұйымдастыру кезінде пайдаланатын заманауи білім беру технологиялары»	Тақырыпқа байланысты практикалық тапсырма әзірлеу
		Көркем еңбек пәнінде оқытудың белсенді әдіс-тәсілдер	2	Қалпейісұлы К. Ж., Балгинбекова К. Б., Нурмахамбетова А. А. «Көркем еңбек пәнінде оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып оқушыларды шығармашылыққа баулу»	Белсенді әдіс-тәсілдерге байланысты практикалық тапсырма әзірлеу
		Білім берудегі геймификация	2	Абишева Ж. М., Разахова Б. Ш. Білім берудегі геймификация.	Геймификацияға байланысты практикалық тапсырма әзірлеу
		Қашықтан оқыту және оқыту платформалары	2	Аймұратова Т. Қашықтықтан оқыту кезеңінде білім	Онлайн платформа арқылы сабақ құрастүру

				алушылардың пәнге қызығушылығын, белсенділігін арттыру	
4	ҚМЖ және критериалды бағалау	Көркем еңбек пәні бойынша оқу жоспарларын әзірлеу	4	Шаяхметов Б. Н. Жаңартылған білім беру аясында «көркем еңбек» білім беру бағдарламасының оқыту мазмұны.	Сабақ жоспарын құрастыру
		Бағалау әдістерін әзірлеу	3	Сейтмаганбетова Г. Б. «Жалпы білім беретін мектепте «көркем еңбек сабағында критериалды бағалау технологиясын қолдану»	Сабақ үшін бағалау критерийлерін құрастыру
5	Бейнелеу өнері және жобалап оқыту	Негізгі композициялық принциптер	5	Джанаев М. Б. Композиция пәнін «көркем еңбек» оқу бағдарламасына сай оқыту мәселелері	Сурет салу техникаларын практика жүзінде қолдану
		Көркем еңбек сабақтарында жобалап оқыту	2	Сартай Б. Д. Көркем еңбек сабақтарында жобалап оқытудың маңызы	Жобалық тапсырма жоспарын дайындау
6	Шеберлік сыныптар (ұлдардың бағдарламасын а бағытталған)	Практикалық тапсырмаларды дайындау: сәндік-қолданбалы өнер элементтері	8	Сейлхан А. Ж. Көркем еңбек сабағында ұлттық бұйымдар жасатудың алатын орны.	Шеберлік сыныптар көрсету
7	Шеберлік сыныптар (қыздардың)	Практикалық тапсырмаларды дайындау: сәндік-	8	Бегалиева А., Омарова А. Көркем еңбек сабағында	Шеберлік сыныптар көрсету

	бағдарламасын а бағытталған)	қолданбалы өнер элементтері		оқушыларды қолөнер арқылы ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу	
8	3D модельдеу негіздері	3D модельдеу негіздері: Tinkercad және SketchUp, Blender	7	Tinkercad және SketchUp пайдаланушы нұсқаулығы	Қарапайым 3D модель құру
9	Цифрлық өнер және киберқауіпсіздік	Жасанды интеллект мүмкіндіктерін көркем еңбек сабағына кіріктіру	5	Бекмаганбетов Н.К «Искусственный интеллект и образование: методы и перспективы»	Тақырыпқа байланысты практикалық тапсырма әзірлеу
		Киберқауіпсіздік	2	Сулейменов А.Р. «Кибербезопасность в образовательной среде: Учебное пособие»	Киберқауіпсіздік негізінде рефлексия жазу
10	Жиынтық бағалау	Қорытынды зерттеу жобарының презентациясы.	4	---	Зерттеу жобасын ұсынып, топ алдында қорғау.
		Курстың барлық тақырыптары бойынша жиынтық тестілеу (25 сұрақ).	2	Сагинтаева: основные разделы курса.	Курстың негізгі сұрақтарын қамтитын тест сұрақтарына жауап беру.

6-бөлім. Оқу процесін ұйымдастыру

Бағдарлама бойынша **72 академиялық сағат** көлеміндегі педагогтердің біліктілігін арттыру курсы оқу жоспарына сәйкес **күндізгі және қашықтан** оқу форматтарында ұйымдастырылады.

Қашықтан оқыту Moodle білім беру платформасында жүзеге асырылады, ол тыңдаушыларға материалдарды интерактивті форматта өтуге, тапсырмаларды

орындауға және жаттықтырушылардан кері байланыс алуға мүмкіндік береді.

Күндізгі оқыту дәрістер, семинарлар мен тренингтер арқылы педагогтер мен тыңдаушылар арасындағы тікелей өзара әрекеттесуді қамтиды.

Оқу процесі тәжірибеге бағытталған, оның аясында тыңдаушылар **зерттеудің финалдық жобасын** әзірлеуге бағытталған тапсырмаларды орындайды. Әрбір сабақ зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерінің үдемелі дамуын қамтамасыз ететін қорытынды өнімді жасауға қадам болып табылады.

Тыңдаушыларды оқу процесіне белсенді тарту және бірлескен білім беру ортасын құру үшін жұмыстың **жеке, жұптық, топтық және ұжымдық** нысандары пайдаланылады.

Білім беру процесі мыналарды қамтиды:

- Білім беру зерттеулері мен әдіснамасының теориялық негіздерін зерттеуге бағытталған **интерактивті дәрістер**.

- Зерттеу құралдарын әзірлеуге және деректерді талдауға бағытталған **тренингтер мен семинарлар**.

- Тәжірибе алмасуға, идеяларды бірлесіп талқылауға және шешімдерді қалыптастыруға ықпал ететін **топтық жұмыс және пікірталастар**.

- Қатысушылар алған білімдерін нақты білім беру мәселелерін талдау үшін қолданатын **жағдайларды модельдеу**.

- Зерттеудің соңғы жобасының элементтерін әзірлеу бойынша тапсырмаларды орындауды қамтитын **өзіндік жұмыс**.

Тиімді оқытуды қамтамасыз ету үшін тренерлер мен әріптестердің **тұрақты сындарлы кері байланысы**, сондай-ақ қатысушыларға прогресті бақылауға және материалды түсінуді тереңдетуге мүмкіндік беретін **өзіндік рефлексия** қарастырылған.

Осылайша, күндізгі және қашықтан оқыту форматтарының үйлесімі оқытудың икемділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, ал Бағдарламаның практикалық бағыты оқыту нәтижелерін педагогтердің кәсіби қызметінде табысты қолдануына ықпал етеді.

7-бөлім. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Бағдарламаның оқу-әдістемелік кешеніне мыналар кіреді:

1. біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы;
2. бағдарламаның негізгі тақырыптары бойынша теориялық және практикалық материалдарды қамтитын ресурстар;
3. практикалық тапсырмаларды орындауға және нәтижелерді тіркеуге арналған тыңдаушының жұмыс дәптері;
4. оқытудың мазмұны мен әдістемесін қамтитын тренерге арналған сабақ жоспарлары.

Оқу-әдістемелік кешеннің материалдары тыңдаушыларға электронды түрде ұсынылады және оқыту және курстан кейінгі қолдау кезеңінде **Moodle** білім беру платформасында қолжетімді болады. Бұл кешен теориялық білімді жүйелі игеруді және практикалық дағдыларды дамытуды қамтамасыз етеді, бұл қатысушыларға

курс аясында зерттеу жобасын сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

8-бөлім. Оқу нәтижелерін бағалау

Курс тыңдаушыларын бағалау

№	Сипаттама	% үлесі	Курста оқу нәтижесінің №	Курста оқу нәтижелеріне сәйкестігі
1	Сабаққа қатысу (күндізгі/қашықтан)	10%	5	№1 (Сабақтарға белсенді қатысу және оқу материалын меңгеру).
2	«Қысқа мерзімді жоспар» финалдық тапсырмасы	60%	2, 3, 4	№2 (Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану). №3 (Сабақты жоспарлау және ұйымдастыру дағдылары). №4 (Критериалды бағалау құралдарын әзірлеу).
3	Қорытынды тестілеу	30%	3	№7 (Зерттеудің негізгі тәсілдері, әдістері мен құралдары туралы теориялық білім көрсету).

Курс тапсырмаларының сипаттамасы Сабаққа қатысу (күндізгі/қашықтан)

Осы тапсырма аясында тыңдаушылар сабақтарға белсенді қатысады, теориялық материалдарды талқылайды, аралық практикалық тапсырмаларды орындайды және тәжірибелерімен бөліседі. Қатысу жаттықтырушымен және әріптестерімен синхронды өзара әрекеттесуді де, **Moodle** платформасында асинхронды тапсырмаларды орындауды да қамтиды. Бұл тапсырма проблеманы және оның өзектілігін анықтауды қоса алғанда «Зерттеу жобасының» алғашқы қадамдарын тұжырымдауға ықпал етеді.

1. «Зерттеу жобасы» финалдық тапсырмасы

Бұл тыңдаушылардың алған білімдері мен дағдыларын қолдануға бағытталған курстың негізгі практикалық тапсырмасы Зерттеу жобасы курс барысында кезең-кезеңімен жүзеге асырылады, соның ішінде:

- **Зерттеу мәселесін тұжырымдау және оның білім беру практикасы үшін маңыздылығын негіздеу.**
- **Зерттеу мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ зерттеу сұрақтарын әзірлеу.**
- **Зерттеудің теориялық негіздемесі үшін дереккөздерді талдаумен және жүйелеумен әдебиеттерге шолу жасау.**

- **Зерттеу әдістемесін әзірлеу**, оның ішінде тәсілдерді таңдау (сандық, сапалық немесе аралас әдістер) және деректерді жинау құралдарын құру (сауалнамалар, сұхбаттар, бақылау схемалары).

- **Зерттеудің болжамды нәтижелерін** олардың практикалық маңыздылығын көрсете отырып **талдау және түсіндіру**.

- Зерттеу қызметінің **этикалық қағидаттарын сақтау**: құпиялылық, деректерді дұрыс пайдалану, қатысушылардың ақпараттандырылған келісімі. Жоба жазбаша құжат түрінде ұсынылады және курстың соңғы күнінде әріптестері мен сарапшылар алдында қорғалады.

2. Қорытынды тестілеу

Тестілеу курс соңында өткізіледі және тыңдаушылардың теориялық білімін тексеруге бағытталған. Тест курстың негізгі тақырыптарын қамтитын әр түрлі деңгейдегі **25 сұрақты** қамтиды:

- Білім беруді зерттеудің негізгі ұғымдары мен тәсілдері.

- Зерттеу әдістері: сандық, сапалық және аралас.

- Зерттеу жүргізу кезеңдері: мәселені тұжырымдаудан деректерді талдауға дейін.

- Білім беруді зерттеудегі этика. Тестілеу теориялық материалды игеруді және

тыңдаушылардың кәсіби міндеттерін орындау кезінде білімді іс жүзінде қолдануға дайындығын бағалауға мүмкіндік береді.

9-бөлім. Курстан кейінгі қолдау

Біліктілікті арттыру курсынан өткен мұғалімдер курстан кейінгі қолдау арқылы жаңа білімдерін тәжірибеде қолдана алуы керек, бұл әр күнтізбелік жыл ішінде кемінде 12 академиялық сағатты құрайды.

Курсты аяқтағаннан кейін бір жыл бойы қатысушыларға көрсетілетін курстан кейінгі қолдау оқыту мен дамытудың құнды бөлігі болып табылады. Бұл процесі осылай ұйымдастыруға болады:

1. Іс-қимыл жоспарын құру (Action plan)

- Курс барысында. Курс тыңдаушылары өздерінің педагогикалық практикасы шеңберінде оларға қол жеткізу үшін нақты мақсаттар мен қадамдарды анықтайтын жеке жоспар әзірлейді.

- Кері байланыс алу. Курс тыңдаушылары жоспар жасалғаннан кейін, оны курс жүргізушісінен кері байланыс, кеңестер мен ұсыныстар алу үшін ұсынады.

2. Курстан кейінгі қолдау

- Прогресті мониторингтеу. Курс тренері Action plan жүзеге асырудағы жетістіктерін бақылау үшін қатысушылармен үнемі байланыста болады.

- Көмек және қолдау көрсету. Тренер ықтимал кедергілерді жеңу және жоспарды тиімді орындау үшін қажетті көмек, ресурстар және нұсқаулықтарды ұсынады.

- Тұрақты кездесулер/кеңестер. Прогресті талқылау, тәжірибе алмасу және туындаған мәселелерді шешу үшін тұрақты кездесулер немесе онлайн сессиялар

ұйымдастыру.

3. Нәтижелерді бағалау және кері байланыс

- Мерзімді есептер. Курс тыңдаушылары белгіленген бағалау және бақылау критерийлері негізінде курс тренеріне өздерінің үлгерімі туралы есептер береді.

- Курс тренерінің кері байланысы. Тренер ұсынылған есептерді талдайды және одан әрі дамыту үшін сындарлы кері байланыс, нұсқаулар мен ұсыныстар береді.

4. Байланыс және қоғамдастық желісін қолдау

- Кәсіби қоғамдастыққа қатысу. Курс тыңдаушылары тәжірибе және ресурстармен алмасу үшін кәсіби қоғамдастық немесе қолдау тобы аясында бір-бірімен әрекеттесе алады.

5. Үздіксіз оқыту

- Қосымша ресурстар мен материалдар. Үздіксіз оқыту мен дағдыларды дамыту үшін қосымша білім беру материалдары мен ресурстарына қол жетімділікті қамтамасыз ету.

10-бөлім. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Нормативтік-құқықтық актілер

1. Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 23 маусымдағы № 292 бұйрығы. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37431780&pos=8;-60#pos=8;-60 (алынған күні 18.09.2024)

2. Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> (алынған күні: 18.09.2024)

3. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249> (алынған күні 18.09.2024)

4. Педагог мәртебесі туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293> (алынған күні: 18.09.2024)

5. «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31149 болып тіркелді. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031149> (алынған күні: 18.09.2024)

6. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII Заңы. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39579626&show_di=1

7. Қазақстан Республикасы Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта

білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылғы 10 желтоқсанда № 8170 болып тіркелді <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200008170>

Негізгі әдебиет

8. Zhaksylyk T. Анимациялық дизайндағы әдістер мен технологиялары //Problems of engineering and professional education. – 2024. – Т. 73. – №. 2. – С. 67-77.

9. Мынбаева М. О. и др. ҚАЗАҚСТАНДА STEAM БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕМЕСІН ДАМУДА «БІЛІМ КЕРУЕНІ» ҰЙЫМЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ //Вестник университета Ясави. – 2023. – Т. 4. – №. 130. – С. 361-376.

10. Абишева Ж. М., Разахова Б. Ш. БІЛІМ БЕРУДЕГІ ГЕЙМИФИКАЦИЯ. – 2022.«Colson R. The fundamentals of digital art. – Ava Publishing, 2007.

11. Оспанбаева М. П. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕСІ. – 2019.

12. «Искусственный интеллект в образовании: применение, преимущества, риски» - Автор: Смирнова А.А. (2021).

13. «Искусственный интеллект и образование: методы и перспективы» - Автор: Бекмаганбетов Н.К. (2019).

14. Бегалиева А., Омарова А. Көркем еңбек сабағында оқушыларды қолөнер арқылы ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу //Scientific Collection «interconf». – 2023. – №. 148. – С. 184-186.

15. Сейлхан А. Ж. Көркем еңбек сабағында ұлттық бұйымдар жасатудың алатын орны. – 2020.

16. Сартай Б. Д. Көркем еңбек сабақтарында жобалап оқытудың маңызы. – 2020.

17. Биімбетова А. Е. Көркем еңбек пәнінен инновациялық технологияларды қолданудың психологиялық ерекшеліктері. – 2022.

18. Шаяхметов Б. Н. Жаңартылған білім беру аясында «көркем еңбек» білім беру бағдарламасының оқыту мазмұны. – 2024.

19. Джанаев М. Б. Композиция пәнін «көркем еңбек» оқу бағдарламасына сай оқыту мәселелері //Вестник Казахского национального женского педагогического университета. – 2020. – №. 4. – С. 187-196.

20. Қалпейісұлы К. Ж., Балгинбекова К. Б., Нурмахамбетова А. А. Көркем еңбек пәнінде оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып оқушыларды шығармашылыққа баулу //In The World Of Science and Education. – 2024. – №. 15 ноябрь ПН. – С. 152-155.

21. Касенова К. Б., Кустубаева С. Т. Көркем еңбек сабақтарын ұйымдастыру кезінде пайдаланатын заманауи білім беру технологиялары //Foundations and Trends in Research. – 2023. – №. 4.

22. Жұматова Д. Көркем еңбек сабақтарында жоғары сынып оқушыларының зерттеушілік қабілеттерін ақпараттық технология арқылы дамыту мүмкіндіктері //қазақстан республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі х. Досмұхамедов атындағы атырау университеті. – 2024. – С. 317.

23. Абдимоминова Д. К., Ахметкаримова Ш. К., Оңғарова М. Н. Орта мектепте көркем еңбек пәні мысалында инклюзивті білім берудің ерекшеліктері. – 2021.

24. Сейтмағанбетова Г. Б. Жалпы білім беретін мектепте «көркем еңбек сабағында критериалды бағалау технологиясын қолдану». – 2020.

25. Р.С.Омарова, Г.Е.Нұрмұханова. Оқушылардың шығармашылық дербестігін қалыптастырудың дидактикалық негіздері. Ақтөбе, 2017.

26. «Кибербезопасность в образовательной среде: Учебное пособие» - Автор: Сулейменов А.Р. (2019).

27. Аймұратова Т. ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ КЕЗЕҢІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН, БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ //Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің. – С. 184.